

1. Облыста қандай спорттық іс-шаралар өткізіледі?

Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының 2017 жылға арналған күнтізбелік жоспарына сәйкес, облыста әртүрлі спорт түрлерінен спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізіледі, соның ішінде облыстық, республикалық, халықаралық турнирлер, чемпионаттар, спартакиадалар, отбасылық сайыстар, ұжымдық жарыстар және т.б.

Бұқаралық спортты дамыту мақсатында 2017 жылдың I тоқсанында облыста 46 724 адамның қатысуымен 755 спорттық іс-шара өткізілді, сондай-ақ, дәстүрлі түрде қыс мезгілінде көпшілік шаңғы жарысы, көктем, күз, жаз мезгілінде көпшілік велобәйге, жеңіл атлетикадан көпшілік жүгіру өткізіледі.